

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны – әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа, бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуымен, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей».

Абайды қазақтың рухани әлеміне енгізу арқылы алаштықтар өздері де жолдарын Абай арқылы тапты. Ең бірінші қазақтың сөйлеу образын, сөйлем құрауын Абайдан алды. Ахметтің сөзді түрлеп жазу деген әдістерінен де Абайдың мәдениетін көруге болады.

Осы орайда, XX ғасыр басында қазақ тарихы жаңаша жаңғырды деуге болады. Ояну кезеңін басынан кешірді. Бұл шын мәніндегі ұлттық Ренессанс болды. Осы бетбұрысты дәуірдің саяси көсемі Әлихан Бөкейхан болса, рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы болды. Саясат жүзінде қазақ даласына азаттық, бостандық, теңдік идеялары келді, бұл идеялар көшпелі дәстүрлі қоғамның емес, жаңа өркениетті қоғамның басты ұрандары болды. Қазақ халқы осы идеялардың аясында еңсесін көтерді, есін жия бастады, төңірекке, дүниеге басқа жаңаша сергек оймен, сілкінген санамен қарай бастады. Бұл Алаш көсемі Ә.Бөкейхан бастауында тұрған қозғалыстың екпіні болатын. А.Байтұрсынұлы болса, жаңа дәуірдің сұранысы мен қажеттіліктерін тамыршыдай дәл басып, қазаққа білім мен ғылымның қаруын ұстатты. Оның әліпбиі, жазу үлгісі, қазақ тіл білімінің негізін салуы – тек қана ғылыми жұмыс емес, үлкен бетбұрысты мәдени қадам болды. Бұл арада қазақ тіліне пән немесе ғылым тұрғысынан емес, ұлтты ұйыстырушы, сақтаушы рөлінде қарауға тиіспіз», деген.

Жалпы алғанда, XX ғасырдың басында ең көп таралыммен тараған газеттің бетіндегі озық ойлы қазақ зиялыларының Абай жайлы айтылған келелі ой-тұжырымдары ұлтының ұлы рухани ұстаз туралы зерттеудің қалыптасуына жаңа жол ашты. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы абайтану дәуірі солардан бастау алады. Абайдың тарихи тұлғасы және оның шығармашылығы туралы Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатовтардан басталып, Мұхтар Әуезов жан-жақты өрістеткен ойлар қашанда толастамақ емес. Себебі Абай сөзіне қанығу, Абай сөзінен үлгі дарыту ойлы қазаққа да, басқаға да қашанда қажет. Әсіресе, тәуелсіздік тұсында ұлттық құндылықтарымызды, адами келбетімізді танудың және бағалаудың рухани бағдары болмақ.

Ұлы ақынның ойшылдығы – халық даналығының биік көрінісі. Абай туған халқының арман-мүддесін де, жалпы адамзаттық мұраттарын да терең түсіне алды. Оның көршілес, жақын елдермен жанасып, дүние жүзінің озық әдебиеті мен мәдениетіне қол артуға ұмтылғаны да дәуір талабын аңғара білгендігінен. Сондықтан да Абай өткен тарихымыз ғана емес, бүгінгі асыл мұрамыз және алдағы мақсат-мұратымызды айқындап бере алатын келешегіміз. Абай – бүгін де жастардың ақылгөйі, ұлттық болмыстың үлгісі, мемлекет ісінің мүдделесі, жаңа қоғамның жанашыры, әлемдік мәдениеттің тұлғасы. Абай десек, Абай туралы ой толғасақ, бүгін біз елдің елдігін, егемендігін, берекелі болуын қоса ойлайтымыз анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б.
2. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті – Алматы: Қазақстан, 1993. – 168 б.
3. «Қазақ» газеті. / Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
4. Әуезов М. «Қазақ халқының ұлы ақыны» // «Әдебиет және искусство» журналы, 1954, №9.
5. Әбдіманұлы Ө. «Алаш және Абай» // <https://abai.kz/post/41118>

ӨОЖ 13.17

АСҚАР – ДРАМАТУРГ

Қалдыбаева Гүлім Нұрымқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан.
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., проф. С.Б.Жұмағұл

Қаламгер шығармашылығын шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастырып жүрміз: сыншылық кезең, прозалық кезең, драматургиялық кезең. 1970 жылдар – қазақ әдебиеті үшін табыссыз жылдар болған жоқ, жаңа бейнелер шоғыры пайда болып, әдебиетке жаңа тыныс алып келді. Шартты түрде «алпыскерлер» деп атауға келетін қаламгерлер қоғам мен тұлға, заман ағысына, шынайы суреткердің ара-қатынасын жаңа кейіпкерлердің образдары арқылы аша білді. Автордың ерекше қалам тербеткен бағыты осы – драматургия. Драматургияға қадам басқандағы тырнақалды туындысы – «Кек». Драматург туындыларының, атап айтқанда, «Ситуациялар» триптих академиялық драма театр сахнасында қойылып, рухани айналымға түсті. Осы триптих – «Жетінші палата», «Қыздай жесір – штат қысқарту», «Төрт тақта – жайнамаз» спектакльдері біртұтас көрсетіле бастады. Автордың пьесалары театрда жазылып, жарық көрген. Ситуациялар триптих арқылы қаламгер («Жетінші палата», «Қыздай жесір – штат қысқарту», «Төрт тақта – жайнамаз») нақты деректерді арқау ете отырып, қоғамдық жүйенің әділетсіздігін көрсеткісі келген.

Қаламгер драматургияға қалай келді? Драматург бұл жанрдың қыр-сырын зерттеп, жеткізгісі келген ойын сараптап барып, Б.Брехт, Э.Хеменгуэй, Т.Уильямс, Ж.Б.Мольер, М.Булгаков, Е.Шварц, т.б. пьесаларын қазақ тіліне аударып, қалам тартты. Киностудияда сценарист, редактор болып қызмет істеп жүріп, «Құлагер» фильмінің сценарийін жазды. «Қыз Жібек» фильмінің редакторлық жұмысын атқарды. Театрда қызмет етіп жүріп, көптеген пьесаларды қазақ тіліне аударды. Театрдың түрлі құпияларына әбден қаныққан Асқар Сүлейменов бұл жанрға қадам басады.

Автордың тілі мен стилі өзге ешкімдерге ұқсамайды. Әрі күрделі, әрі астарында үлкен ой жатыр. Әубәкір Рахимов өз естеліктерінде автордың пьесаларын қоюға тапсырарда, біздей қылып ұштаған қарындашын қоса беріп: «аяусыз сыз, өшір, ұнамаған жерлерін алып таста. Мен қайта жазамын» – дейтін болған. Бұл көп драматургтердің қолынан келмес ерлік. Қаламгер пьесасына автордың емес, енді режиссердің көзімен қарайтын болған. Асқар Сүлейменов режиссерлік сезімге де, актерлік ойынға да бөгет болмауға, қайта «ойларың осылай екен-ау» [1, 142] – деп дем беруге тырысатын болған.

Қаламгер драматургиясының басы болып есептелетін «Кек» драмасы 1978 жылы жазылған. «Кек» драмасын бүгінгі күнгі қоғамның түйіткілді мәселелерімен салыстыратын болсақ, өзара ұқсастықтар бар. Әлемде болып жатқан әртүрлі ұлтаралық соғыстар, қырғи-қабақ қантөгістер, бауырлар арасындағы алауыздық, бүгінгі қоғамның мәселелеріне жауап бере алатын туынды.

«Қоғамдық, әлеуметтік тұғыр биігінен біз осы қандаймыз, қайда бара жатырмыз деп жаның қиналар, жөніңді іздестірет кешегі бір жолайырық тұста «Ситуациялар» сериясы (үш таған) арқылы баянсыз, тіршілігіңді жіліктеп шағып, күллі көзқарасымен кесімді үкім айту үшін де «Кек» трагедиясы сияқты XII ғасыр хикаясын, содан кейін ғана – қатарлас жүрген, өзіне «етжақындау» зиялы тұрғыластары хақында «Ерулік» баспалдағын өтіп барып, халықтық ұлы ұғымдар мұратына басын тігіп байлауға, риясыз қызмет етуге тиіс болған. Бұл тұрғыдан, сөз жоқ, А.Сүлейменовтің көркемдік бүкіл таным-түсінігі – бір-бірінен жігі ажырамайтын біртұтас, бірегей құбылыс. Сондықтан да, Асқар қандай драматург дегеннің нақтылы жауаптары қашан да тек «Кек» трагедиясынан басталуы шарт» [1, 217].

Бұл үш таған әрқайсысы өз алдына жеке бөлек туынды болса да, тәлкекке түскен тағдырлар бір-бірімен сабақтасып жатады. Қоғамда болып жатқан тіршілік шырғалаңдары бірін-бірі іліп алып кетеді.

«...Бәрі бір бөлменің сүреңінен басталған. Тіршіліктің кәдімгі кішігірім жұрнақ-моделі. Бөлме – «Жетінші палата». Қырық құранды, түрлі-түсті, бірақ барша пейіл-бадарымен ауыз жаласқан, жең ұшынан жалғасқан сыбайлас тұрғындарымен, астыңғы-үстіңгі қабатымен бір

пәтердің пәлесі бұдан да бетер бес баспан. Пәтер – «Штат қысқарту». Ал оңаша отау, ортақ үйіннің, іштей жидіп азып-тозған күмбездің, күлдіреуіші қисайған тұтас орда, шаңырағынның сиқы – «Жайнамазда» жатқан. «Осыны қалай бітірсем, солай, іріп-шіріген, алдамшы, азғындық жүйесімен мен де біржола есеп айырысып бітем» деген. Тіршілік – жан тұншыққандай былық-шылық мибатпағынан Ізгілікке жан сауға тілеу, Ізгілікті арашалау үшін де дәл осылай «жан шыңғырар» әшкерелеу өнері өз тізігінің қолына алуы ауадай қажет болған» [1, 217].

Құрылымдық жүйесі бөлек, ойлы туынды, ұлттық әдебиет қорынан өзіндік орнын ойып тұрып алған туынды, көрермен сынынан абыроймен өткен өлмес мұра. Алғашқы «Жайнамаз», «Жетінші палата», ал кейіннен үш тағанның барлық қойылымдары сахнаға төріне шыққан.

Үш тағанның беташары «Жетінші палата» – екі бөлімді сахналық бұл драма-диалог шын мәнінде сарапшылар талқысына көп ұшырамаған пьесаларының бірі. Тағдыры өте жеңіл болып, кішігірім қиындықтарға ғана тап болып, өз тағдырластарына қарағанда шоқтығы биік шығарма болып тарихи сахнаға шықты. Алайда, алғашында біраз адамға ұнай қоймаған. Солардың бірі – Оралхан Бөкей. Авторлар пьесаларын репертуарлық-редакциялық коллегиясына өткізген. Егер одан өтсе ғана сахнаға ұсынылған. Басты кейіпкер қатардағы ғылыми қызметкерлердің бірі Жұматтың басынан кешкен оқиғалары драманың негізгі арқауы болады. Жұмат арқылы сол кездегі бір ғана отбасының шайқалуы ғана емес, «жетінші палатада» болып жатқан сан салалы өмір иелерінің тағдырын сараптайды. Оқырманды терең ойға бойлаған, әлеуметтік, астарлы көп шындықты қалтқысыз жеткізе білген.

Екінші бөлімде өзіндік ішкі ойымен алысқан, Жұматтың жұбайы Жамалға сүйініш болар үшінші кейіпкер қосылады. Мақсаты ұйып отырған отбасының шырқын бұзу емес, мүлдем басқаша танымда көріне білген кейіпкер. Пьесада кездесетін диалогтар арқылы кейіпкердердің, әсіресе Жамалдың психологиясы күрделі өріліп, образы барынша ашылып көрсетіледі. Бұл жерде Жамалды автор өз арманына жете алмаған, жаны шырқыраған, өз ойымен алысқан, өз орнын тапқысы келетін кейіпкер ретінде көрсеткен. Сол қоғамдағы адамдардың ішімдікке салынып, отбасыларының шырқын бұзып, қоғамның жеккөрінішті бейнелеріне айналуына не себеп екендігін психиатр Мягковтың ішкі толғаныстарына жауап ретінде автор сан қилы адам тағдыры арқылы сатылай талдап береді.

Триптихтің екінші бөлігі – қала тіршілігін суреттейтін «Қыздай жесір». Оған автор қосымша «Штат қысқарту» деп атау берген. Автордың өзіндік тілдік оралымдарын пьесаларында да қанық боламыз. Ауызекі тілдесулер кезінде айтылып қалатын мынандай үзік-үзік тіркестер оралымынан да талай сырды аңғаруға болады: «Заман – жел, пенде – селеу», «Адам боп туу оңай да, адам боп қалу көп қиын», «Қанаттыны қармауға дәрмен қайда, оның топшысын таланған тұсынан аңду керек», «Өзгергеннің бір ұшы бұзылу», «Өмірдің өзі – қысқарту», «Иесіз әйел – иесіз ел», «Адам жұмыс үшін емес, жұмыс адам үшін емес пе?». Бұл берілген тіркестердің өзі шығарма мағынасын одан әрі тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Шығарма шешімі мен мына өмірдің жарық дүниенің есігін енді аттағалы отырған таза, күнәсіз, бейкүнә сәбидің өмірі мәңгілікке, біржола «өмір штатынан» қысқарады. Енді басынан айтқанымыздай, «Қыздай жесір»-ге не себепті «штат қысқартуы» қосылғанын осы тұста аңғарамыз. Сол қоғамда көп қыздардың басынан өткен жағдай Үрияны да айналып өтпеді. Жиырма тоғыз жасқа келіп, баласыз, баспанасыз өмір сүріп жатқан кейіпкердің жан қалауы отбасын құру еді. Өзі айтқандай ішіне түскен кішкентай түйін, ол үшін үлкен бақыт еді. Алайда, өмірдің оның тағдырына жазғаны басқа болды.

Автордың драма-диалогтарының барлығы кешқұрымнан келесі кешқұрымға дейінгі бір тәулік ішінде орын алған оқиғалар тізбегінен тұрады. Бұл ерекшелік суреткердің прозалық шығармаларында да көрініс табады. Шығарманың жазылу ерекшелігі, кейіпкерлер образы мен психологиясы, уақыт пен кеңістік, тілдік қолданысы ерекше суреттелген.

Триптихтің үшінші, қорытынды бөлімі – «Төрт тақта жайнамаз». Аудан іргесінде жатқан отарды талап алып, кейіннен комиссия деген сылтаумен Тоқтасынның отарын алып кетіп, етке өткізіп, оны пұлға айналдырып жібереді. Кейінен «жеп қойдың» – деген жала тағып, ауданға

тергеуге алып кетеді. Сейітнәсім ұлын бұл жаладан арашалай алмай, «жалғызының» осындай күйге тап болғанын өз көзімен көріп, шарасыз, дәрменсіз күйде сағы сынып қайтады.

«Тұмса қозының маңыраған дауысы ғана қалды... Тағдыр тауқыметін тартар тағы да сол, дүние есігін қағып тұрған – ұрпақ! Идеалы күйреп, имансыздыққа бел алдырған елдің тағдыры осы болмақ. Жеке адамның күйреуі – қауымның, халықтың, ұлттың күйреуі. Бетперде киген лауазым иелері өз «рольдерін» ойнаумен күн кешудің тәсілін жақсы меңгергендер. Триптихті құрбандыққа шалынып, аяқ асты болған – қазақы тектілік пен имандылықтың ащы айғайы бар. Жылқы мінезді қазақтың тағдыры жатыр. «Шындық жеңеді» деген – құрғақ сөз, жалаң идеология. Әділет қашанда қуатты қорғауды, қолдауды қажет етеді. Өз пайдасын ойлағандар оған ешуақытта бар алмайды» [3, 158].

«Өкінішке орай, оның жоғарыдағы пьеса-диалогтарының (триптих десе де болады) кезінде, жазылған бойда жарық көре кетуі қиынға соқты. Оның басты себебі – драматург концепциясының тым күрделілігінде, позициясының аса батылдығында болды. Драматург пьесаларын оқып шығып, қай бағытта түсінуді жыға ұқпаған режиссерлеріміздің көбі сахнаға шығуды кешіктіре бергені жасырын емес. Олар ойлануға мәжбүр болды. Автор ойландырды. Толғандырды. Осылайша араға уақыт салып барып, «күшіне» мінген Сүлейменов шығармаларын бұл күнде астаналық театрларымыздан бастап батыл қолға ала бастады. Автор көзі тірісінде өз пьесаларының сахналық нұсқаларын көсіліп көре алмады. Тіпті, ол аталған дүниелерін не мерзімді баспасөзге, не баспаларға жинақ етіп шығаруға ұсыныс жасап, ешкімге көзін сүзіп, алақанын жайған жан емес. Жазды. Жазды» [1, 119].

Қалихан Ысқақов өз сөзінде: «Асқармен бірге рухани ойға қым-қиғаш пікірлер келді, өзгемір өлшем-танымдар келді. «Ситуацияларды» қысқа тұжырымдайын. Асқар бізге мынаны айтып кетіпті: Бірінші – қоғам деген, қоғамдық жүйе деген не? Екінші – қоғамның, өкіметтің, ең аяғы мемлекеттің іріп-шіруі. Үшінші – бүкіл мақсат-мұраттың быт-шыты шығуы. Төртінші, ең басты, тағылымы – осындай ұлтпыз, осындай ұлт бар, халық бар – енді не істемек керек? Ұлт екенің рас болса – өз тағдырыңды, болашағыңды таңдайтын кез болды», –деп ұлт пен адамзат арасындағы өзара байланысты атап көрсетеді.

«Асқар Сүлейменовті түсінуге ұмтылған, мүмкін, осы триптих арқылы заман, қоғам, адамның жүрек соғысы, қан айналымын, мұраты мен зарын ұғуға ұмтылған режиссер Әубәкір Рахимовтің әр жылдары қойған үш спектаклі көрермен назарына бір-біріне ұласа, біртұтас ұсынылғанда – әлеуметтік категория саналатын қоғамның даму-тоқырау, жаңғыру-жаңғырықтану жолдары және даңғылынан гөрі қиыр-шиыры мол осы жолдағы өмір мағынасының өзі адамның және пенденің қоғамдағы арақатынасына, арасалмағына бек байланысты екені, алдымен көңілге ұялап, ойға сіңер еді. Театр Сүлейменов драмалараның рухын ұстаған, өз ұғым-танымында сахналық шындықпен айтуға ұмтылған» [4, 152].

«Жазушы-драматургтың өзі аяқтай алмай кеткен «Мінажат» («Мухаммед») атты драма-диалогының кіріспесінде жазғандай, «ықылымнан ықылымға, ұрпақтан ұрпаққа, буыннан буынға мұрты бұзылмай жетіп отырған «біздің фәнидегі мақұстымыз не, неге келдік, қайда барамыз» сауалдарына жауап іздеп, соны табуға қатты жақындаған ойшылар қатарынан табылатындығының бір көрінісі – оның драма диалогтары. Сүлейменовтің өзімен жақсы таныс болған, шығармашылық әлемін сезініп, драмаларын қоюға ниет еткен бірен-саран режиссерлер оның драмаларында көтерілер мәселелерді ашу, қазбалау үшін қоғамдық-рухани ахуалымыздың жаңғыруы қажеттегін айтатын. Қоғамдық-саяси ахуалымыз аз да болса жаңғыра бастаған соңғы жылдары Сүлейменов драмаларының сахнаға қойыла бастауы заңды да. Ал, драматург туындыларының, атап айтқанда «Ситуациялар» триптихінің соңғы бірер жылда академиялық драма театр сахнасында қойылып, рухани айналымға түсуі, осы триптих – «Жетінші палата» «Қыздай жесір – штат қысқарту», «Төрт тақта – жайнамаз» спектакльдері біртұтас көрсетіліп, театрда Асқар Сүлейменовті еске алу кештерінің өткізілуі елеулі мәдени-рухани оқиға екенін атап өту қажет» [5, 95].

«Пьесалары кез-келген үлгіде, кез-келген шешімде қоюға мүмкіндік беретін, еркіндікке жетелейтін, қатпарлы сөз астарына сан-қилы ой табуа мүмкіндігі мол шығармалар екеніне

ешкімнің күмәні де, дауы да болмақ емес. Құнарлы сөз, құнды ойдың нағыз қоймасы деуге болады» [3, 160]. Асқар Сүлейменовтің драматургиясы – қаламгердің өзіндік қырын, сөз байлығын, ой тереңдігін, жан-жақты жаңаша стилін көрсете білді. Автордың өзіндік тіл оралымы шығармаларының одан әрі көркемдік тұрғысынан дамуына ықпал етті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Парасат падишасы. Асқар Сүлейменов туралы естелік кітап. – Алматы: Атамұра, 1998. – 336 б.
2. Сүлейменов А. Кек: Драма-диалогтар. Аудармалар. Эсселер. Ой-толғамдар. – Алматы: Өнер, 2001. – 728 б.
3. Рахимов Ә.С. Режиссер шеберлігі. Пьесадан қойылымға дейін. 2-басылым. – Алматы: Лантар Books, 2022. – 273 б.
4. Бөпежанова Ә. Өнер – жеке тәжірибе: Сыни-мәдениеттанушылық кітап. I. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2007. – 328 б.
5. Бөпежанова Ә. Дүние – имани құбылыс. Эсселер. Әдеби сын мақалалар. Ой-толғамдар. Сұхбаттар. – Алматы, «Өлке», 2001. – 160 б.

ӘОЖ 82.01/09

МОТИВТІҢ ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Қасен Аяужан Толегеновна

8D0214-Әдебиеттану мамандығының докторанты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан: Астана

E-mail: aiauzhan96@mail.ru

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор Қ.М.Байтанасова

Әдебиеттануда мотивке берілген көп анықтамалар бар екені белгілі. Мәтін құрылымында атқаратын қызметі және оқиға қозғалысының тетігі ретінде мотивті анықтау, талдау ерекше маңызды. Мотивтің сипатын анықтау, оның тек динамикалы ғана емес, сол қозғалысқа түрткі болатын себеп екенін түсіндіру бірқатар зерттеулерге арқау болды.

Мәтіндегі мотивті тереңдей қарастыру зерттеу әдістері мен тәсілдерінің қатарын «мотивті тадау» түрімен толықтырды. Мотивті талдау әдісі мәтін құрылымын танытудың басты бағыттарының біріне айналды.

Көне дәуірге тән сөз өнері үлгілерінен заманауи әдебиетке жалғасқан белгілі бір ұғым, таным, әрекет көркемдік кеңістіктегі мотив жүйесін қалыптастырды. Сапарға шығу, қымбат бір мүлікті немесе қасиетті мекенді іздеу, тапсырылған жауапты бір істі орындау, әлдеқайда, белгісіз бір жерде немесе қорқынышты құбыжықтардың, зұлым ниетті жандардың қолында қалып қойған өзіне тиесілі затты қайтару – міне, осы аталғандардың бәрі тұрақты мотивке айналғандар. Олардың қатарын тағы да толықтыра түсуге болады.

Фольклортанушы С.Қасқабасов «Ертегі мен эпостың сюжеттік типологиясы» атты мақаласында мотивті сюжетті құрайтын бөлшек деп қарастырады. Қазақ ертегілеріндегі сюжеттік желілердің қатарында мыналарды атайды: қартайған ата-ана; қаһарманның дүниеге келуі; қалыңдығын іздеп сапарға шығуы; қайын атасының ауылына бөтен біреу болып келуі; қайтадан еліне оралуы. Осы сюжеттердің құрамындағы әр бөлшекті мотив деп қарастырады. Мәселен, бір перзентке зар болған қарт ата-ана мотиві, бас қаһарманның ерекше жағдайда дүниеге келу мотиві. Ғалымның тұжырымы бойынша, мотив – сюжетті түзуші, сюжет – мотивтердің жиынтығы [1, 109].